<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын				

	<p>тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p><b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыру. Жануарларды ажыратып атауға үйрету (қой – қозы, ешкі – лақ). Жануарларға қамқорлық жасау керектігін түсіндіру. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> саусақпен қағаз бетіне нүктелер түсіріп,</p>	<p><b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үй жануарларының төлдері бар екенін түсіндіру. Жануарларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> толқын сызықтар арқылы шөп бейнесін салу. <b>Мүсіндеу:</b> ермексазды қысу, уқалау арқылы пішін жасау. <b>Жапсыру:</b> қағаз бетіне жануар бейнесін орналастыру. <b>Құрастыру:</b> текшелерден жануарларға арналған шағын қора құрастыру.</p>	<p><b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар жануарларды ажыратады және атайды. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> саусақпен дақтар салу. <b>Мүсіндеу:</b> ермексазда н шағын жануар пішінін жасау. <b>Жапсыру:</b> дайын бөліктерден жануар бейнесін құрастыру. <b>Құрастыру:</b> жануарларға арналған алаң құрастыру.</p>	<p><b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар ойын арқылы жануарларға «жем береді», «су береді». <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> дөңгелек сызықтар салу. <b>Мүсіндеу:</b> ермексазды уқалау. <b>Жапсыру:</b> жануар бейнесін орналастыру. <b>Құрастыру:</b> құрылыс бөлшектерінен қора жасау.</p>	<p><b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Үй жануарларын тану және атау, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелеу. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> саусақпен түрлі дақтар салу. <b>Мүсіндеу:</b> ермексаздан шар жасау. <b>Жапсыру:</b> қағазға жануар бейнесін орналастыру. <b>Құрастыру:</b> текшелерден ферма құрастыру.</p>

	<p>қозының жүнін бейнелеу.  <b>Мүсіндеу:</b> ерме ксазды укалап, домалақ пішін жасау.  <b>Жапсыру:</b> дайын пішіндерді қағаз бетіне орналастырып қозы бейнесін құрастыру.  <b>Құрастыру:</b> ірі құрылыс бөлшектерінен жануарларға арналған шағын қора құрастыру.</p>				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Асылназ, Алдиярға Дауысты дыбыстарды дұрыс айтқызу  <b>Жұмыс:</b> «А», «О», «У» дыбыстарын жеке қайталау, айна арқылы артикуляциясын бақылау.</p>	<p>Әмірге 2 сөзден тіркес құрату.  <b>Жұмыс:</b> Сурет бойынша «үлкен доп», «ақ қоян» тіркестерін айтқызу.</p>	<p>Арланға Түстерді ажыратуға үйрету  <b>Жұмыс:</b> Қызыл және көк түсті заттарды жеке таңдату.</p>	<p>Аяланың Ұсақ моторикасын дамыту.  <b>Жұмыс:</b> Саусақ жаттығулары, ұсақ бөлшектерді жинау.</p>	<p>Айша Үй жануарларын атау.  <b>Жұмыс:</b> Сурет бойынша қой, сиыр, жылқыны атау.</p>

<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (<b>тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету</p> <p><b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Ойын:</b> «Күн мен жаңбыр» <b>Шарты:</b> «Күн шықты» дегенде балалар еркін жүреді, «Жаңбыр!» дегенде белгіленген жерге жүгіріп тығылады.</p>	<p><b>Ойын:</b> «Құстар ұшады» <b>Шарты:</b> Педагог «Құстар ұшты!» дегенде балалар қолдарын жайып жүгіреді, басқа жануар атаса – қозғалмай тұрады.</p>	<p><b>Ойын:</b> «Допты қуып жет» <b>Шарты:</b> Домалатылған допты жүгіріп барып ұстап алады.</p>	<p><b>Ойын:</b> «Қояндар мен түлкі» <b>Шарты:</b> Қояндар секіріп жүреді, «Түлкі шықты!» дегенде індеріне (сызық ішіне) тығылады.</p>	<p><b>Ойын:</b> «Кім жылдам?» <b>Шарты:</b> Белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, қайта оралады.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (<b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b>).</p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету.</p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-</b></p>	<p>"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны. (тіл дамыту және</p>	<p>"Қуыршақты ұйықтатамыз" ойыны. (қоршаған әлеммен</p>	<p>"Пирамиданы құраймыз" ойыны. (сенсорика)</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығулар. "Өнерлі баламыз". Мақсат-міндеттер.</p>	<p>"Не қандай?" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>

<p><b>әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p>көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)          Мақсат-міндеттер. Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары. Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді</p>	<p>таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)          Мақсат-міндеттер. Заттарды және олармен әрекеттерді атау. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп); "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; қабылдауды, ойлауды дамыту. Түрлі-түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. "Шомылу" атты мультфильмін көру. (тіл дамыту және</p>	<p>Балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. "Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттері. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын ойыншық заттарын білдіретін зат есімдермен байыту; сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім) үйрету. Ойыншықтар әлеміне қызығушылықты арттыру. "Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) <b>Мақсат-міндеттер:</b> балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу;</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары қарай бокалды, қасықты табақшаның оң (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды. - Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда</p>	<p>ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. "Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға</p>	<p>көркем әдебиет, музыка) Мақсат-міндеттер. Балаларды мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. Табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалану, шынықтыру шараларына қызықтыру.</p>	<p>беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. Үстел үсті (саусақ, қуыршақ) театрын көрсету. "Қорқақ қоян". (тіл дамыту және өркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды халық ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді үстел үсті театрының</p>	<p>коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру.</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>қасықтар. Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем. Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала. Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ. Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек.</p>	<p>мүмкіндік беру.</p>		<p>кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Сюжет бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b></p>				

Тексерілген күні: 27.03.2026

Ұсыныс: Ұлттық ойындар аймағы.

Әдіскер: Асқар

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Сәуір айы 2026 жыл 2 апта**

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота балабақша-бөбекжайы»

**Топ:** «Айшуақ» кіші тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 06.04-10.04.2026

**Тәрбиешілер:**Рахимова.А.Д. Нургалиева Г.Б

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.04.2026 ж	Сейсенбі 07.04.2026 ж	Сәрсенбі 08.04.2026 ж	Бейсенбі 09.04.2026ж	Жұма 10.04.2026 ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу  Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)  Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу  Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру  Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>  Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;  әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;  балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>  Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.  Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.  Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.  Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				

<p><b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b></p>	<p>Сурет салу <b>Ойын:</b> «Дөңгелек доп» <b>Шарты:</b> Қылқа ламмен немесе саусақпен дөңгелек пішін салады.</p>	<p>Мүсіндеу <b>Ойын:</b> «Домалақ жасаймыз» <b>Шарты:</b> Ермексазды алақанмен домалатып, доп жасайды.</p>	<p>Жапсыру <b>Ойын:</b> «Шарларды орналастыр» <b>Шарты:</b> Фланелеграфқа түрлі түсті шарларды орналастырады.</p>	<p>Тіл дамыту <b>Ойын:</b> «Үлкен-кіші айт» <b>Шарты:</b> Педагог көрсеткен заттың көлемін 2 сөзбен айтады (үлкен доп).</p>	<p>Сенсорика <b>Ойын:</b> «Біреу-көп» <b>Шарты:</b> Заттарды санап, біреу және көп екенін ажыратады.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары: «Ғарышкерлер». (дене тәрбиесі) 1 «Ұшуға дайындық». Б.Қ.: Аяқтар сәл алшақ, қолдар төмен. 1 - қолдарды екі жаққа көтеріп, шынтақта бүгіп, «күшті» деу. 2 - Б.Қ оралу. 4-5 рет қайталау. 2. «Біз зымыран қозғалтқышын іске қосамыз» Б.Қ.: Аяқтар алшақ, жұдырық иығында. 1 - оңға (солға) бұрылу; қолдарды шынтақта бүгіп, жұдырыққа қысып, ерікті бағытта бұрау, «кеттік» деп айту . 2 - Б.Қ оралу. 3 - екінші жаққа бұрылып, 2-інші қимылды қайталау. 4 - Б. Қ. 2-3 рет қайталау. 3. «Зымырандар биікке көтеріледі». Б.Қ.: Аяқтар сәл алшақ, қолдар төмен. 1 - тізе бүгіп отыру, қолдармен тізені құшақтау, басты тізеге еңкейту. 2- Б.Қ. оралу. 3-4 рет қайталау. 4. «Секіреміз, ойнаймыз. Зымыран сияқты қалықтаймыз» Б.Қ. Аяқтар сәл алшақ, қолдар белде. Қолдар жағына; бұлғау. Б.Қ оралу. 4-6 секіру, 4-6 кадам. 3 рет қайталау. 5. "Зымырандар жерге қайта оралады". Б.Қ. : Аяқтар алшақ, қолдар төмен. Қолды екі жаққа, мұрын арқылы терең дем алу. Б.Қ оралу. т.б., ауызбен дем шығару. 3-4 рет қайталау.</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар,</b></p>				

	<b>өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері <b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>		<b>Дене тәрбиесі</b> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолдарын жоғары көтеріп шапалақтау көктемгі күнге қуану (6–8 рет) Қолды алға жан-жаққа созу құстар сияқты қалықтау (6 рет) Қолды кезекпен көтеру гүлдің өсуін бейнелеу (8 рет) Саусақтарды қозғалту жаңбыр тамшыларын көрсету (8–10 рет) Алға және жанға еңкею жерден гүл тергендей қимыл (4–6 рет) Аяқ ұшына көтерілу күнге қарай созылу (6–8 рет) Тыныс алу	<b>Дене тәрбиесі</b> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолды алға-артқа сермеу көктемгі желдің қозғалысын бейнелеу (6–8 рет) Қолды жан-жаққа созу құстар сияқты қалықтау (6 рет) Қолды кезекпен көтеру гүлдің өсуін көрсету (8 рет) Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу (8–10 рет) Бұрылу жел бағытымен қозғалу (6 рет) Аяқ ұшымен тұру күнге қарай созылу (6–8 рет) Тыныс алу жаттығулары таза көктем ауасымен тыныстау (3–4 рет)	<b>Музыка</b> «Әуенді сағат» <b>Міндеті:</b> Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады <b>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Ойынның шарты:</b> Әртүрлі шығармадағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі.Жетекші таныс ән немесе әуенді ойнап,балалар «Әуенді сағаттан»сол әннің мазмұнын сай суреті	<b>Дене тәрбиесі</b> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Толық кешенді қайталау көктемгі барлық қимылдарды еске түсіру Дене қыздыру арқылы қозғалысқа дайындалу <b>Негізгі қимылдар</b> Бағытты өзгертіп жүгіру көктемгі алаңда еркін қозғалу Белгі бойынша тоқтау зейін мен жылдамдықты дамыту Қимылды дұрыс және қауіпсіз орындау  <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Жалаушаға дейін жүгір»</b> Балалар белгі

	<p>жаттығулары таза көктем ауасымен тыныстау (3–4 рет)</p> <p><b>Негізгі қимылдар</b></p> <p>Қос аяқпен секіру көктемгі көңілді қозғалыс 10–15 см биіктіктен секіру кішкентай төбешіктен түскендей Едендегі сызықтан секіру оянған аюларды бейнелейді Белгі бойынша қозғалады тоқтайды немесе отырады<sup>7</sup> Қимыл арқылы күш пен ептілік дамиды шалшықтан аттағандай Қимылды жеңіл әрі қауіпсіз орындау</p>	<p><b>Негізгі қимылдар</b></p> <p>Допты екі қолмен 1–1,5 м қашықтыққа лақтыру көктемгі ойын ретінде орындау Допты домалату жермен қозғалғандай бақылау Қимылды дәл және үйлесімді жасау</p> <p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p><b>«Нысанаға дәлде»</b></p> <p>Балалар допты белгілі бір нысанаға бағыттап лақтырады Көктемгі ойын түрінде ұйымдастырылады Кім дәл тигізсе сол мадақталады Зейін мен дәлдік дамиды</p>	<p>сағат тілін қозғау арқылы тауып береді.</p> <p><b>2.Жаттығу.</b> «Тұлпарым» Әннің мәтінін үйрету.</p> <p><b>3. Музыкалық-ырғақты қимыл:</b> Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу</p> <p>Ән айту «Мен отанның аманаты», «Тәрбиеші ұстаз», «Мен бақытты баламын» әндерін жаттау. Аспаптық шығарманы үйрену</p>	<p>бойынша жалаушаға дейін жүгіріп барады Көктемгі жарыс ретінде ұйымдастырылады Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады Шапшаңдық пен ептілік дамиды</p>
<p>Ойын әрекеті:</p> <p><b>«Құммен ойнаймыз»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды – тіл дамыту</b></p> <p>Педагог балаларға құмды көрсетіп</p>	<p>Ойын әрекеті:</p> <p><b>«Тастарды зерттейік»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды – тіл дамыту</b></p> <p>Педагог балаларға әртүрлі тастарды көрсетеді. «Тас», «үлкен тас», «кіші</p>	<p>Ойын әрекеті:</p> <p><b>«Сумен ойнаймыз»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды – тіл дамыту</b></p> <p>Педагог балаларға мөлдір ыдыстағы суды көрсетеді. «Су», «таза су», «су ағады» сөздерін баяу айтады.</p>	<p>Ойын әрекеті:</p> <p><b>«Құм мен тасты салыстырайық»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды – тіл дамыту</b></p> <p>Педагог балаларға құм мен тасты көрсетіп, «құм жұмсақ», «тас қатты» сөздерін айтады. Балалар</p>	<p>Ойын әрекеті:</p> <p><b>«Табиғат бұрышында ойнаймыз»</b></p> <p><b>Коммуникативтік дағды – тіл дамыту</b></p> <p>Балалар «құм», «тас», «су» сөздерін қайталайды. Педагог «құм жұмсақ», «тас</p>

<p>«құм», «жұмсақ құм» сөздерін баяу айтады. Балалар сөздерді қайталайды. «Құм шашылды», «құм жұмсақ» сияқты қарапайым сөз тіркестерін айтуға ынталандырылады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Табиғат туралы қысқа өлең оқылады. Педагог құмды көрсетіп, балаларға өлеңді тыңдату арқылы қызығушылықтарын арттырады. Балалар кейбір сөздерді қосылып айтуға тырысады.</p>	<p>«тас» сөздерін баяу айтады. Балалар сөздерді қайталайды. Педагог «тас жатыр», «тас қатты» деген қарапайым сөз тіркестерін айтып, балаларды қайталауға ынталандырады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Табиғат туралы қысқа тақпақ оқылады. Педагог тастарды көрсетіп, тақпақ мазмұнын түсіндіреді. Балалар кейбір сөздерді педагогпен бірге айтуға тырысады.</p> <p><b>Танымдық дағды – сенсорика</b></p> <p>Балалар әртүрлі көлемдегі тастарды ұстап көреді. Педагог үлкен және кіші тастарды көрсетіп, «үлкен», «кіші» ұғымдарын түсіндіреді. Бір тасты көрсетіп «бір», бірнеше тасты</p>	<p>Балалар сөздерді қайталайды. Педагог «су құйылды», «су тамшылады» деген қарапайым сөз тіркестерін айтады, балалар қайталайды.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Су туралы қысқа өлең немесе тақпақ тыңдату. Педагог су құйылған ыдысты көрсетіп, балалардың назарын аударып, өлең мазмұнын түсіндіреді. Балалар кейбір сөздерді қосылып айтуға тырысады.</p> <p><b>Танымдық дағды – сенсорика</b></p> <p>Балалар суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құяды, судың ағып жатқанын бақылайды. Педагог судың сұйық екенін түсіндіреді. Балалар су құйылған ыдыстарды ұстап көреді, «бір ыдыс – көп ыдыс» ұғымын ажыратады.</p>	<p>сөздерді қайталайды. Педагог «құм төгілді», «тас жатыр» сияқты сөз тіркестерін айтады.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Табиғат туралы қысқа тақпақ оқу. Педагог құм мен тасты көрсетіп, өлең мазмұнын түсіндіреді. Балалар кейбір сөздерді қосылып айтады.</p> <p><b>Танымдық дағды – сенсорика</b></p> <p>Балалар құмды және тастарды ұстап көреді. Құмның жұмсақ, тастың қатты екенін сезінеді. Үлкен және кіші тастарды салыстырады. Бір тас – «бір», бірнеше тас – «көп» ұғымдарын бекітеді.</p>	<p>қатты», «су ағады» сөз тіркестерін айтады, балалар қайталайды.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Табиғат туралы қысқа өлеңді педагогпен бірге қайталау. Балалар өлеңнің таныс сөздерін айтуға қатысады.</p> <p><b>Танымдық дағды – сенсорика</b></p> <p>Балалар құм, тас және суды ажыратады. Табиғи материалдарды ұстап көріп, олардың қасиеттерін сезінеді. «Бір – көп» ұғымын бекітеді.</p>
--	---	--	---	---

		көрсетіп «көп» ұғымын бекітеді.			
<b>Екінші таңғы ас</b>	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау</b> - су барлық жерде. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Балаларға еріген қармен әр түрлі іс-әрекеттерді көрсету, балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы	<b>Күнді бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан күн	<b>«Қауіпсіздік».</b> <b>Көгершінді бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Құстарға (көгершінге) қызығушылықты ояту, оның дене бөліктерін (басы, көздері, құйрығы, аяқтары, қанаттары) қимылдарын бақылауға, қимылдарды ойындарда қайталауға үйрету. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру; "қауіпті"	<b>Ағаштардағы бүршіктерді бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Өсімдіктерге деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тануға және атауға үйрету. Ағаштардың бүршік атқанын байқату. Педагогтің сөзін	<b>«Қауіпсіздік».</b> <b>Көлікті бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Көліктің ары-бері жылжи алатынын, тоқтайтынын, сигнал шығаратынын көрсету. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету

	<p>түсініктерін кеңейту. Су деген - өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Күндіз күн жылиды, аулада ағындар ағып жатыр. Судың биік жерлерден төмен қарай ағуын қадағалау. Ағындар ағынымен жүріңіз. "Жүрейік" қимылды жаттығуы.(дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Балаларды тепе-теңдікті сақтап,</p>	<p>ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса-бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады. «Ұйқыдағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Негізгі қимыл түрлерін (жүруді, жүгіруді) жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылық танытуға үйрету. Жағымды эмоцияларды дамыту.Педагог немесе көмекші</p>	<p>сөздерінің мағынасын түсіндіру. Еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Жәди Шәкенұлы "Көгершін" Көгершінім, ақ құсым, Басқа қонар бақ құсым. Бейбіт күнді сүйетін, Бұл өмірге сақшысың. «Торғайлар мен автомобиль» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Негізгі қимыл түрлерін (жүруді, жүгіруді) жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылық танытуға үйрету. Қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Жағымды эмоцияларды</p>	<p>тыңдауға үйрету. Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қуанышты сезімдерді ояту. Ағаштарда бүршіктердің қалай ісінетінін қараңыз. Оларды иіскеңіз, қолдарыңызбен ақырын тигізіңіз. Бүйрек ісінеді Жел соғады бетіме, Ағаштарда желпуде. Жел тына қалған кезде, Ағаштар биік болып өседі. «Торғайлар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балалар 5-6 балалардан тұратын, топтарға бөлінеді.Әр топтың өз үйі,үясы бар. (обруч,шеңбер немесе серенде бормен сызған</p>	<p>ережелерімен таныстыру, "болады – болмайды", "қауіпті" сөздерінің мағынасын түсіндіру. Ересектердің сөздерін тыңдауға, "Бұл не?", "Не істеді?" деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға үйрету. Машина - темір, ешқашан шаршамайды. Машина "биіп-биіп" деп, сәлем жолдайды. Машина жылдам жүреді, зулайды, Бірақ ат ұқсап бәйгеде жаба алмайды. (Дина Ахметова) "Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Негізгі қимыл</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта жүруді жетілдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік.</p> <p>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. «Доп» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі,</p>	<p>«түлкі» рөлін атқарады. Ол алаңның бұрышына тұрады да, ұйқыға кеткендей кейіп танытады. Балалар алаңда жан-жаққа шашырап жүгіріп ойнайды. Жүргізуші: «түлкі оянды» дегенде, барлық бала «түлкіден» сызықтың арғы жағындағы «үйге» қашады. «Құрсаудан құрсауға» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b> Құрсаудан құрсауға өтуге үйрету, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту. Шығарылған</p>	<p>дамыту. Көмекші немесе ересек бала "автомобиль" рөлін атқарады. Қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. «Батыл балалар» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b> Балаларды бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өтуге үйрету, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту. Балалар</p>	<p>шеңбер). Тәрбиеші үлкен торғай, ал балар кішкентай торғайлар балып еденде отырады. Тәрбиеші «Ұшты-ұшты» дегенде торғайлар алысқа ұшып шығады. Тәрбиеші: «Үиге ұшып қайтайық» дегенде торғайлар өз ұяларына қайтып ұшып барады. Тәрбиеші ескертеді, «балалар –торғайлар» белгі бойынша іс әрекеттерін жасау керек. Әр бала өз ұясына кіреді, шатасуға болмайды. «Құрсаудан құрсауға» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b> Құрсаудан құрсауға өтуге үйрету, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды</p>	<p>түрлерін (жүруді, жүгіруді) жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылық танытуға үйрету. Балаларды жүгіру, жүрелеп отыру жаттығуларын орындауға үйрету. Педагогтің сөзін тыңдауға, ауызша айтылған талаптарды орындауға үйрету. Қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру дағдыларын дамыту. Жағымды эмоцияларды дамыту. Екі түрлі сигналды қолдану, Ойындағы қауіпсіздікті қадағалау. Ойын екі рет жүргізіледі. «Батыл балалар»</p>
--	---	--	---	--	--

<p>сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Секіруге, ырғақты қозғала білуге үйрету. Педагог балаларға допты көрсетеді, өлең оқиды: Добым менің домалақ, Тоқтамайсың домалап. Үстел үстін бүлдіріп. Тарелкені сындырыдың Тентек болып кеттің деп, Тұрмыз сені тепкілеп. Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялар</p>	<p>ойыншықтармен ойын-манипуляциялары (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашып-жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтқызу. Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>жаттығуды орындаған кезде, педагог олардың қолдарынан ұстап, кедергіден өтуге көмектеседі. Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашып-жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтқызу. Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>дамыту. Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашып-жабу, домалату, қою, төсеу) жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтқызу. Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Балаларды бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өтуге үйрету, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту. Балалар жаттығуды орындаған кезде, педагог олардың қолдарынан ұстап, кедергіден өтуге көмектеседі. Шығарылған ойыншықтармен ойын-манипуляциялары (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Ойыншықтармен әртүрлі әрекеттер (ашып-жабу, домалату, қою, төсеу)</p>
---	---	---	--	---

	ы (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)			жасауды қолдау; затты білдіретін жеңіл сөздерді айтқызу. Қауіпсіздік. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> ).			
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>			
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе			

	арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(Музыка)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар табиғи материал – құммен танысады. Құммен ұқыпты ойнау керектігі түсіндіріледі. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет</b>	<b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар тастардың табиғатта кездесетінін біледі. Табиғи заттарды ұқыпты ұстау, қоршаған ортаға зиян келтірмеу туралы қарапайым түсінік беріледі. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> дөңгелек	<b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар судың табиғаттағы маңызы туралы қарапайым түсінік алады. Суды төкпей пайдалану, таза ұстау керектігі түсіндіріледі. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> көк бояумен толқын тәрізді сызықтар салу,	<b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар табиғи материалдардың табиғатта кездесетінін түсінеді. Табиғатты таза ұстау және табиғи заттарға ұқыпты қарау керектігі түсіндіріледі. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> құммен қағаз бетіне іздер түсіру. <b>Мүсіндеу:</b> ермексаздан шағын домалақ пішіндер	<b>Әлеуметтік дағды – қоршаған әлеммен таныстыру</b> Балалар табиғи материалдармен ойнау арқылы табиғатты қорғау, ұқыпты пайдалану керектігін түсінеді. <b>Шығармашылық дағды</b> <b>Сурет салу:</b> саусақпен табиғи іздер салу. <b>Мүсіндеу:</b> ермексазда н шағын пішіндер

	<p><b>салу:</b> құмды қағазға сеуіп, із қалдыру.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> дым қыл құмнан шағын төбе немесе пішін жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> құм түстес қағаз қиындыларын қағаз бетіне орналастыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> құмнан шағын үйшік немесе төбе жасау.</p>	<p>және сопақ пішіндер арқылы тас бейнесін салу.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> ермексазды ан тасқа ұқсас домалақ пішін жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> қағаз бетіне дайын пішіндерді орналастырып тас бейнесін құрастыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> тастарды қатар қойып, шағын жол немесе қоршау жасау.</p>	<p>судың қозғалысын бейнелеу.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> ермексазды уқалап, су тамшысына ұқсас пішін жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> көк түсті қағаз қиындыларынан су бейнесін қағаз бетіне орналастыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> ыдыстар мен ойыншықтарды пайдаланып «су құю» ойынын ұйымдастыру.</p>	<p>жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> қағаз бетіне тас бейнесін орналастыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> құм мен тастарды пайдаланып шағын төбе немесе жол жасау.</p>	<p>жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> табиғи материалдарға ұқсас пішіндерді қағаз бетіне орналастыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> құм, тас және су элементтерін пайдаланып шағын құрылыс немесе ойын алаңын жасау.</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Арлан,Алдияр Дөңгелек пішінді бейнелейді.</p> <p><b>Жұмыс:</b> Қарын дашпен дөңгелек сызуға көмектесу.</p>	<p>Хан,Әмірге Ермексазды дұрыс пайдалануды үйрету.</p> <p><b>Жұмыс:</b> Домалату, созу тәсілдерін көрсету.</p>	<p>Асылназ,Үмітке Қарама-қарсы түстерді ажыратып үйрету</p> <p><b>Жұмыс:</b> Қызыл-жасыл түстерін салыстыру.</p>	<p>Асылым,Бытырға «Біреу-көп» ұғымын бекіту.</p> <p><b>Жұмыс:</b> Заттарды санап, айырмашылығын айтқызу.</p>	<p>Мансұр,Мединаға 3 сөзден сөйлем құрауды үйрету.</p> <p><b>Жұмыс:</b> «Қоян секіріп жүр» үлгісімен сөйлем айтқызу.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс</p>				

	пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Ойын:</b> «Секіріп өт» <b>Шарты:</b> Жерге салынған сызықтан немесе жіптен қос аяқпен секіріп өтеді.	<b>Ойын:</b> «Бағдаршам» <b>Шарты:</b> Жасылда – жүреді, сарыда – дайындалады, қызылда – тоқтайды.	<b>Ойын:</b> «Көбелектер» <b>Шарты:</b> Балалар көбелек болып ұшады, «Гүлге қон!» дегенде отырып қалады.	<b>Ойын:</b> «Аю қалай жүреді?» <b>Шарты:</b> Балалар аюша қорбандап жүреді, кейін тез жүгіреді.	<b>Ойын:</b> «Аю қалай жүреді?» <b>Шарты:</b> Балалар аюша қорбандап жүреді, кейін тез жүгіреді.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Кешкі ас</b>	(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету. Сүлгіні қолдануды үйрету. Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге ынталандыру, ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту. Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең, қанасың. Жуынсаң, тазасың.				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<b>Кітап бұрышында:</b> өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту,	<b>Кітап бұрышында:</b> өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту,	<b>«Табиғатты қорғайық»</b> («Жасыл ел» аясында қимыл-қозғалыс арқылы экологиялық тәрбие беру) <b>Мақсаты:</b>	<b>«Аспазшы жұмысында»</b> Дәмді тағам дайындаймыз. <b>Міндеті:</b> Балаларды аспазшы мамандығымен	<b>«Көлік жүргізуші-жолдағы қауіпсіздік сақшысы»</b> <b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларға көлік жүргізушінің еңбегі туралы түсінік

	<p>кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)</p>	<p>кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика)</p>	<p>Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, қозғалыс дағдыларын дамыту және табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсіндіру.</p> <p><b>Міндеті:</b> Жүгіру, секіру, ептілік және тепе-теңдік дағдыларын дамыту. Қозғалыс арқылы экологиялық проблемаларды шешуге қызықтыру. Белсенділік, ұйымшылдық және еңбекке баулу. Қимылды ойын- «Қоқысты сұрыпта! Топ» бөлмесінде 2 түрлі түсті шелек қойылады. Балалар: Жүгіреді, қоқыстарды (умаждалған қағаз, пластик бутылка) жинап</p>	<p>таныстыру, оның еңбегін құрметтеуге үйрету. Ас әзірлеу процесі туралы түсінік қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Рөлдер: Аспазшы, даяшы, клиент</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балалармен әңгімелеседі: -Аспазшы не істейді? -Қандай тағамдарды білесіңдер? Рөлдер бөлінеді. Ойын аймағы дайындалады: Ойыншық асхана жабдықтары: қазан, таба, қасық, пластик көкөністер, ыдыс-аяқ, алжапқыштар. (сюжетті-рөлдік</p>	<p>қалыптастыру. Жол қозғалыс ережелері туралы түсінік қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс дағдыларын, ептілік пен зейінді дамыту. Балаларды тәртіпке, сақтыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Сөйлеу мәдениетін, рөлге ену қабілетін дамыту. Рөлдер: Көлік жүргізушісі, жолаушылар, жол полициясы, бағдаршам, жачу жүргінші. Балалар өз рөлдерін таңдайды. (сюжетті-рөлдік ойын)</p>
--	--	--	---	--	---

			шелекке салу керек. (Экологиялық тәрбие)	ойын)	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) <b>Өнегелі 15 минут</b>				

Тексерілген күні: 03.04.2026

Ұсыныс: Қол моторикасын дамытуда сенсорлық ойындарды жиі қолдану.

Әдіскер Асыл

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Сәуір айы 2026 жыл 3 апта**

**Білім беру ұйымы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота балабақша-бөбекжайы»

**Топ:** «Айшуақ» кіші тобы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13.04-17.04.2026

**Тәрбиешілер:**Рахимова.А.Д. Нургалиева Г.Б

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.04.2026 ж	Сейсенбі 14.04.2026 ж	Сәрсенбі 15.04.2026 ж	Бейсенбі 16.04.2026ж	Жұма 17.04.2026 ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу  Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)  Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу  Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру  Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)  <b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>  Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b></p>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;  әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;  балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.  <b>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</b>  Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.  Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.  Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.  Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				

<p><b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b></p>	<p>Құрастыру <b>Ойын:</b> «Жанын а қой» <b>Шарты:</b> Бір текшенің жанына екіншісін қойып құрастырады.</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру <b>Ойын:</b> «Бұл қай жануар?» <b>Шарты:</b> Сурет бойынша жануарды атап, дауысын салады.</p>	<p>Көркем әдебиет <b>Ойын:</b> «Ертегіні тыңдайық» <b>Шарты:</b> Көрнекілікпен қысқа ертегі тыңдап, кейіпкерді атайды.</p>	<p>Сурет салу <b>Ойын:</b> «Толқын сызық» <b>Шарты:</b> Параққа толқын тәрізді сызықтар салады.</p>	<p>Мүсіндеу <b>Ойын:</b> «Басып көр» <b>Шарты:</b> Ермексаздың үстін саусақпен басып, із қалдырады.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).</li> <li>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</li> <li>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталауы.</li> <li>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</li> <li>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.</li> </ol>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b></p>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру  Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері  <b>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b></p>				
